



Француз жазушысы
Мишель Монтень
("Тәжірибелер", 1580
ж.).

Эссе жазу әдістемесі

Эссе- франц. "essay", ағылш. "assay" - байқау, көру, очерк; латынша "exagium" - салыстыру, өлшеу деген мағынаны білдіреді. Эссе жанрын ашқан француз жазушысы М. Монтень болып табылады ("Тәжірибелер", 1580 ж.).

Ол шағын көлемдегі проза түріндегі еркін композиция. Қандай да бір мәселені еркін түрде жазу, сын және публицистика жанры. Эссе нақты тақырып бойынша жеке әсері мен ой толғанысын бейнелейді және затты анықтау немесе аяқтау мүмкіндігіне ие болмайды. Эссе - жаңа, бір нәрсе туралы әдемі боялған сөз және философиялық, тарихи- биографиялық, публицистикалық, әдеби-сыни, ғылыми кең таралған, беллетристикалық тұрғыда жазылады.

Эссе құрылымы

Титул беті.

1. **Кіріспе** – берілген тақырыпты негіздеу, ол логикалық және стилистикалық байланысқан компоненттер қатарынан тұрады. Бұл этапта өз зерттеу барысында ашқалы отырған тақырыпқа қойылатын сұрақты дұрыс қою керек.”Кіріспе жазу барысында аталған тақырыпқа анықтама беру керек пе?, ” Мен алған тақырып неліктен маңызды?”, “ Менің тұжырымдауымда қандай түсініктер қолданылуы мүмкін?”, “Мен тақырыпты кішкене тақырыпшаларға бөле аламын ба?, т.с.с. сұрақтарға жауап іздеген жөн.

2. Негізгі бөлім. Тақырыптың теориялық негізі мен сұрақтың мазмұнын жазу. Бұнда эссенің негізгі мазмұны жазылады және ол біраз қиындық тудырады. Сондықтан негізгі бөлімді шағын тақырыпшаларға бөлуге болады. Әр тақырыпшаларды аргументті түрде тұжырымдау негізгі сұраққа жауап беруге көмектеседі. Берілген тақырыптағы аргументтер мен талдаулар, позицияларды көрсету арқылы негізгі бөлімді толық жазуға мүмкіндік туады.

Қойылған сұраққа байланысты талдау жүргізу үшін мынадай категориялар негізінде жазу керек: Себеп-салдар, жалпы-айрықша, форма-мазмұн, бөлік-тұтас, тұрақты-өзгермелі. Тақырыпшаларды тиімді пайдалану тақырыпты ашудағы логикалық ойын байқауға көмектеседі.

2. Негізгі бөлім. Тақырыптың теориялық негізі мен сұрақтың мазмұнын жазу. Бұнда эссенің негізгі мазмұны жазылады және ол біраз қиындық тудырады. Сондықтан негізгі бөлімді шағын тақырыпшаларға бөлуге болады. Әр тақырыпшаларды аргументті түрде тұжырымдау негізгі сұраққа жауап беруге көмектеседі. Берілген тақырыптағы аргументтер мен талдаулар, позицияларды көрсету арқылы негізгі бөлімді толық жазуға мүмкіндік туады.

Қойылған сұраққа байланысты талдау жүргізу үшін мынадай категориялар негізінде жазу керек: Себеп- салдар, жалпы- айрықша, форма- мазмұн, бөлік- тұтас, тұрақты- өзгермелі. Тақырыпшаларды тиімді пайдалану тақырыпты ашудағы логикалық ойын байқауға көмектеседі.

3. Қорытынды – жалпыланған және аргументі бар, қолдану аймағы көрсетілген және т.б.түрде болуы мүмкін. Эссенің қорытынды бөлімінде негізгі бөлімде айтылған сұрақтың мәнін бекітеді және мазмұнының маңыздылығын ашады. Қорытынды бөлімінде қолданылатын әдістер: қайталау, иллюстрация, цитата, әсер беретін тұжырым.

Эссе жазу үшін қажет дәлелдеу аппаратының құрылымы

Дәлелдеу- белгілі бір тұжырымға негізделген және оған байланысты шын мәніндегі тұжырымды анықтау үшін қолданатын логикалық тәсілдер жиынтығы. Ол сенім-наныммен байланысты , бірақ онымен тең емес: аргументтеу немесе дәлелдеу ғылымға және қоғамдық-тарихи тәжірибеге сүйенеді. Сенім- жорамал, ол нақты дәлелденбеген білімге негізделеді.

Дәлелдеудің құрылымына 3 құраушы бөліктері енеді. Олар: **тезис, аргумент, қорытынды.**

Тезис- дәлелденуге тиісті жағдай.

Аргументтер- тезистің анық шын екендігін дәлелдеу үшін қолданылатын категория.

Қорытынды- фактілерді талдауға негізделген ой түйін. Бағалаушы тұжырым- біздің сенімімізге, нанымымызға және көзқарасымызға негізделген.

Аргументтер бірнеше топқа бөлінеді:

Тексерілген фактілер - нақты материал. Фактілер- тенденцияны анықтайтын қор, оның негізінде - әр білім бойынша заңдар мен берілген жағдайға заңның әсерін анықтаймыз.

2. Анықтамалар тезиспен байланысты түсініктің аргументі ретінде қолданылады.

3. Ғылым Заңдары және алдында қолданылған теоремалар дәлелдеу аргументі ретінде қолданылады.

Қосымша:

1. Эсседе бейнелеу афористік, парадоксалдық тұрғыда қаралу керек.
2. Эссе авторы дүниені жеке қабылдауын ұсыну үшін көптеген мысал келтіреді; жарыстыра салыстырады; ұқсастықтарды іріктеп алады; әр түрлі байланыстарды қолданады.
3. Эссеге көптеген көркем құралдарды пайдалану тән: метафора, салыстыру, аллегория символ және астарлы образдар.
4. Егер эсседе болжап болмайтын қорытынды, күтпеген жағдайлар, қызықты байланыс болса, онда ол қызықты да жақсы болып келеді.
5. Сөйлеу құрылымы жағынан эссе – бұл ауыз екі сөйлеу ырғағы және лексикаға бағыттау, сұрақтарды, пікірталас сөздерінің динамикалық ауысып келуі тиіс.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ

2013-2014 оқу жылында Назарбаев Зияткерлік мектептерінің негізгі мектеп бітірушілерін қазақ тілі (ана тілі) пәнінен қорытынды аттестаттауға арналған емтихан (жазба) жұмысы

I. Емтихан жұмысының құрылымы:

Эссе - 200-250 сөз

Кіріспе – 40 сөз

Негізгі бөлім – 100-150 сөз

Қорытынды - 50-60 сөз

III. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жалпы критерийлері

Критерийлер		Оқушы жетістігінің ең жоғары деңгейі
A	Білім және түсіну	6
B	Қолдану	6
C	Анализ және синтез	6
D	Коммуникация	6
Барлығы		24

Эссені тексеру рубрикаторы

Критерий	Жетістік	Дескрипторлары
А (мак 6) Білім және Түсіну	1	Тақырыпты түсінген
	1	Қаралатын ұғымдарды айқын және тиісті мысалдар тудыра түсіндірген
	1	Тақырыпқа байланысты өз позициясын ұстанған
	1	Талқылауға шығарған сұрағы (мәселесі) эссе тақырыбына сәйкес
	1	Берілген тақырып бойынша білімі мен түсінігі бар (эссенің өн бойында)
	1	Эссенің көлемі сақталған (250 сөз жазу керек болса, берілген сөз санынан 10 сөз кем де, артық та жазуға болады)
В (мак 6) Қолдану	1	Лексикалық норма сақталған
	1	Грамматикалық норма сақталған
	1	Емле және тыныс белгі ережелеріне қатысты сауаттылығы сақталған. (3 қате ескерілмейді)
	1	Жұмыстың негізгі құрылымдық бөлімдерінің қамтылуы (кіріспе, негізгі бөлім қорытынды)
	1	Ой бөліктерін абзацтарға бөлген
	1	Абзацтарды байланыстырушы сөз оралымдарын орынды қолданған.
С (мак 6) Анализ және Синтез	1	Тақырыпқа қатысты өз пікірін білдірген
	1	Өз пікіріне аргументтер келтірген.
	1	Келтірілген аргументтерді сараптаған
	1	Пікірге қатысты ойын жинақтаған
	1	Пікірлер арасындағы логикалық байланыс сақталған
	1	Ақпарат көздерін қолданған. Қолданылған фактілердің, дәлелдердің авторы мен қайнар көзін көрсеткен

Д (мак 6) Коммуни кация	1	Қорытынды шешімі бар
	1	Қорытынды шешімінің логикалық жүйесі тақырыпқа сәйкес
	1	Нақты шешімге келген
	1	Мәселеге объективті түрде баға бере білген
	1	Баға беруде өзіндік дербестігі бар
	1	Ұсыныс білдірген

II. Эссе матрицасы

Критерийлер	Тексерілетін элементтер
А (мак 6) Білім және түсіну	Тақырыптың негізгі идеясын айқындау; көтерілген мәселеден ауытқымау; базадан жоғары деңгейде тың мысалдар, сыни көзқарастар, суретті - бейнелі сөздер қолдану; қаралатын ұғымдарды айқын және тиісті мысалдар тудыра толық анықтау; қолданылған ұғымдардың тақырыпқа сәйкестігі; жұмыс жасаудағы өзіндік дербестік; көтерілген мәселенің теориялық мәнін ашу.
В (мак 6) Қолдану	Қазақ әдеби тілінің лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық және стилистикалық нормаларын орынды қолдану; қазақ тілінің емле және тыныс белгі ережелерін сақтау; жазба тіл сауаттылығы; терминдерді, атауларды, есімдерді дұрыс жазу; жұмыстың негізгі құрылымдық элементтерін қамту (мәселелер және өзектілік; негізгі анықтаулар және тарихи - теориялық шолу; мәселе мазмұнының ашылуы).
С (мак 6) Анализ және синтез	Сараптау категорияларын сауатты қолданады; ұғымдар мен құбылыстардың өзара байланысын талдауда салыстыру мен жалпылау әдістерін пайдаланады; қаралатын мәселеге альтернативті көзқарастар танытады және дәлелденген қорытынды шешімге келеді; қолданған ақпарат көздері әртүрлі және ауқымы кең; мәліметтерді нақты аргументтер арқылы дәлелді түсіндіріп береді.
Д (мак 6) Коммуникация	Мәселеге дербес баға бере білу; авторлық ой қорытуы анық және мазмұнының айқындылығы; дәлелдердің логикалық жүйелілігі; ұсынылған тезистердің сауатты аргументтермен берілуі; әртүрлі көзқарастар және олардың дербестігі; тұжырымдалардың мазмұны және олардың интерпретациясының ортақ формасы көтерілген мәселенің жанрына сәйкес келуі; автордың салқынқандылықпен ой қорыта білуі; автордың өз тұжырымдамаларындағы жаңалықты, сонылықты айқын ұғынуы.

V. Балды бағаға айналдыру шкаласы

VI. Емтихан жұмысының орындалу уақыты - 180 мин

0-50 %	51-74 %	75 - 89%	90- 100%
0-12	13-17	18-21	22-24
2	3	4	5

8-бөлім. Адам өмірін

сақтау

Тапсырма: *Адамды клондау дегеніміз – бір адамның дене жасушасының ядросын пайдалану арқылы тап сол кісіден аумайтын екінші бір адам жасап шығару. Бұл әдіс кейбір бала сүйе алмай жүрген отбасыларына қуаныш сыйласа, ал БҰҰ клондауға тыйым салып отыр. Сіз қалай ойлайсыз, клондау дұрыс па, әлде бұрыс па? (250 сөз).*

1-абзац. Кіріспе бөлім

Тақырыптық сөйлемдер: Клондау дегеніміз - жыныссыз-ақ көбейту жолы. Ғылым әлемінде мұндай тәжірибе жасалып жатқалы біраз уақыт болды. Дегенмен, адамды клондау - өте қайшылықты мәселе. Адамдар дүниеге ұрықтың дамуы арқылы келетінін бәріміз білеміз. Ал енді баланың өзінен айнамайтын сыңарын биология ғылымың жетістігі арқасында дүниеге келтіру - ғажап нәрсе.

Талқылау сұрағы: Қазіргі таңда адамзатта “клондау үрдісі” шынымен-ақ, басталып кетті ме деген үрей бар. Егер басталып кетсе, мұның арты жақсылыққа апармауы әбден мүмкін. Неге?

2-абзац. Негізгі бөлім

Тезис (пікір): Адамдарды клондау қойды клондауға қарағанда тым қиын.

Аргумент: Рослин институтындағы Ян Вилмут мырза былай деген: «Клондалған балалардың елу пайызы жатырда көз жұмады, ал аман туған балалардың көбі ерте жасында қайтыс болады», - дейді.
(*massaget.kz*)

Сараптама: Сонымен қатар, клондау әдісі арқылы пайда болған адам барлық жағынан осал болатын көрінеді. Денсаулығы нашар, ойлау қабілеті кем адамдарды қаптатып не керегі бар деген ғалымдар тобы клон адамдардың көп жағдайда ұсқынсыз боп туатынын айтады. Үшіншіден, олар табиғи адамдарға қарағанда өте ерте қартайды екен. Ғалымдар клон адамдардың 30 жасында ақсақал болып отыруы мүмкін деген болжам айтады. Төртіншіден, бір адамды жасап шығару үшін онымен бірге дамып келе жатқан өзге эмбриондарды өлтіру керек. Ал, бұл қылмыс емес пе? Бесіншіден, клон адамдардың пайда болуы қылмыс әлемін де талай былыққа батыруы мүмкін. Мысалы, соғыс аңсаған кей мемлекеттер клон-адамдарды көбейтіп, «соғыс ойынын» ұйымдастыруы да мүмкін ғой. Міне, осы болжамдарға байланысты әлемнің көптеген елі клондау ісін дамытуға қарсылық танытуда.

3-абзац Негізгі бөлім

Тезис (пікір): Адам ұрыққа айналғаннан бастап, өмір иесі деп саналады. Адам - саналы тіршілік иесі. Оған рух берген - жаратушы. Жаратушының адамзаттың әрқайсысының мойнына артқан міндеті бар. Ал клондалған, яғни рухсыз адам жаратушыға қажет пе? Өзіндік санасы, мінез-құлқы, адами мақсаты жоқ жанның жануардан айырмашылығы бола ма? Қысқасы, Құдайдың құдіретінен жасалған адамды клондау - Алланың ісіне араласумен тең.

Аргумент: Бірақ, ешқандай кедергілерге қарамастан, Италияндық Сверино Антинори деген дәрігер техникалық клондау әдісімен 3 баланың дүниеге келгенін жариялады. (*med.kz*)

Сараптама: Клондау үрдісі этика тұрғысынан ғана емес, техникалық көзқарас бойынша да күрделі мәселе екені ғалымдарды ойландырмай отырған жоқ.

4-абзац. Қорытынды бөлім

Нақты шешім: Сөз түйінінде, клондау - табиғатқа жат құбылыс.

Ұсыныс: Клондау арқылы адамдарды, яғни өмірдің заңдылықтарын өзгертуге тырысқанша, берілген өмірді тиімді пайдаланғанымыз жөн. Адамды қолдан жасағанша, халық санын көбейтуге жағдай жасау керек.

Бекіту: «Адамға өмір бір-ақ рет беріледі, оны мәнді қылып өткізу керек», - деп Н.Островский айтқандай, адами ресурстарды, өмірді ойыншық қылмайық!

Мемлекеттік рәміздер

Тапсырма: Қарағандының киім-кешек сатылатын орталық базарында Қазақстан туындағы кереге, қанат, қыран бейнеленген ерлерге арналған ішкіімдер сатылып жатыр. Қытайдың трикотаж фабрикаларының өнімдерін сатушы – Қарағанды базарын жаулап алған алыпсатарлар бұл тауарлардың арзандығы мен өтімділігін айтады. (Саят Серік Azattyk.org.) **Сауал: Қалай ойлайсың, мемлекетіміздің тұмары болып табылатын рәміздеріміздің құнын түсіріп алған жоқпыз ба, оларды қаншалықты дәрежеде құрметтеп жүрміз?**

1-абзац. Кіріспе бөлім

Тақырыптық сөйлемдер: Рәміздердің тарихы тереңде жатыр. Ертеректе әскери жорықтарда ту ұстаушылар саптың басында қолбасшылардан да бұрын тұрып, рухтандырып тұрған. Айқас кезінде туды бірнеше әскер қорғап, оның жығылмауын қадағалаған.

Талқылау сұрағы: Ал қазір ше, мемлекеттік туымызды қалай қорғап жүрміз, рәміздер насихатталуда ма? Осы сауалдар мәселені қозғауыма себепші болды.

Негізгі бөлім: 2-абзац

Тезис (пікір): Мемлекеттік нышандарымызды бекіткенімізге жиырма жылдан астам уақыт өтті, бірақ оның қадір-қасиеті түгілі рәміздердің мән-мағынасы мен тәрбиелік маңызын түсіну әлі де кемшін түсіп жатыр.

Аргумент: Сөзіме дәлел келтіре кетсем, Өскемен қаласындағы Дзержинский көшесі 50-үйдегі пәтердің балконында Елтаңбамыз ілініп тұр екен.

- Мен Елтаңбаны Қазақстанда туғандықтан іліп қойдым. Оның тұрғанына жарты жыл уақыт болды. Орталық базардағы «Березка» сауда үйінің жанында бір ер адамнан 2000 теңгеге сатып алдым,- деп түсіндірген өз әрекетін пәтер егесінің жасөспірім ұлы Александр (**Сымбат Рамазанов**, minber.kz).

Сараптама: Әрине, мен Александрдың бұл ісін рәміздерді қорлау емес, оның маңызы мен дәрежесін түсінбегендік деп ұқтым. Мақұл, бұған көз жұма қаралық, ал мұндай жағдайда мемлекеттік идеологияны насихаттайтын ішкі саясат қызметкерлері мен әншейінде белсеніп жүретін қоғамдық бірлестіктер қайда қарап қалды? Тәртіп сақшылары не қадағалап отыр?

3-абзац. Негізгі бөлім

Тезис (пікір): Тәртіп сақшылары демекші, жеке пәтерлер былай тұрсын, мемлекеттік мекемелердегі рәміздерді маскүнемдерден қорғаштай алмай жүрген олардан не сұрарсың?!

Аргумент: Павлодар облысының Фанис Ганиев есімді тұрғыны ішімдікке тойып алып, Ертіс ауданының орталығындағы төрт мемлекеттік мекеменің төбесіндегі туды жұлып алған (Базарқұл Есенбек, kazradio.kz).

Сараптама: Көк туым тағы да қор болды, бұл жолы білместікпен емес, қасақана жасалды.

4-абзац. Қорытынды бөлім:

Нақты шешім: Бұдан шығатын қорытынды не? Рәміздеріміз мемлекет тарапынан жеткілікті дәрежеде қорғалмай отыр, сырттай қарағанда барлығы дұрыс сияқты, бірақ шынайы үгіт-насихат жоқ,

Ұсыныс: сондықтан «ҚР Мемлекеттік рәміздері туралы» Заңның орындалуын қадағалайтын арнайы комитет құру керек сияқты. Сайып келгенде, рәміздерді құрметтеу әрбір қазақстандықтың қасиетті борышына айналуы қажет.

Бекіту: «Отан отбасынан басталады» деп халқымыз бекер айтпаған, ел рәміздерін құрметтеуді өзімізден бастап, қолға алайық, өзімізді-өзіміз ел таңырқайтындай құрметтесек, өзгелер сол кезде ғана бізге тамсана қарайды.

Пікір (тезис) деген

не?

Пікір (тезис) – бұл біреудің ұстанатын, мазмұны тексерілуі де тексерілмеуі де мүмкін, көзқарасы. Дегенмен дара немесе бір топ адамдардың ұстанатын көзқарасы факт болып саналатындықтан, растайтын сенімді дереккөздер көрсетілуі шарт. Мысалы, *Құдайдың бар екені* факт емес, дегенмен *көптеген сенушілер Құдайдың бар екенін болжайтыны* – күмәнсіз факт.

Аргумент деген

не?

Аргумент (лат. argumentum – нәрсе, пән, белгі) – философияда – пікір, ойдың немесе теорияның ақиқаттығына келтірілетін дәлел. Логикада дәлелдеудің негізгі алғышарты ғана емес, пікір мен идеяның толық негізі ретінде де қаралады.

Аргумент сөзі латынның argumentum сөзінен шыққан, яғни, айғақ болудың негізіне қызмет ететін логикалық дәйек. Аргументтердегі дәйектер: “неге?”, “неден?”, “не үшін?”, “қандай себептен?” сияқты сұрақтарға жауап беруге көмектеседі.

Дереккөз деген

не?

Деректердің қайнар көзі – фактілерге тікелей дәлел бола алатын адам немесе құжат аты, эсседе ол сілтеме арқылы жақша ішінде көрсетіліп кетуі тиіс. Мысалы, (nur.kz), (shyn.kz) деген сияқты.

Факт деген не?

Факт — әр уақытта ешқандай шартсыз ақиқат болатын айтылым. Пролог тілінде қарастырылады. Шынымен болған, ойдан шығарылмаған оқиға, жағдай, құбылыс; берік тағайындалған білім; қандай да бір болжамды тексеру болып табылатын қандай да бір қорытынды, түйін үшін қызмет ететін тәжірибедегі мәліметтер. Объективті тіршілік ететін шындық, нақтылық.

Факт — бұл өмірде бар және болған жайттар. Энциклопедияда тақырыпқа қатысты саладағы ғалымдар мен сарапшылардың келісілген тұжырымдамасы факт ретінде саналады.

Сараптама деген не?

Сараптама — арнайы таным, білім мен білік талап ететін қандай да бір мәселеге зерттеу жүргізу. Эсседе сараптама болып кеткен жағдайды және оның себептерін анықтау мақсатында жүргізіледі.